



6 | ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Ұлттық бизнес-рейтинг көшбасшысының Куәлігі. Қазақстан Республикасының экономикасы мен саласын дамытуға қосқан үлесі үшін Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК «ЛИДЕР ОТРАСЛИ 2022» құрметті атағымен марапатталды. Рейтинг қорытындысы бойынша Ұйым Қазақстан Республикасының үздік 100 мемлекеттік кәсіпорнының қатарына енді.



Тоқаевтың Алғыс хатымен марапатталды.




марапатталды.



Л.К.Мейрманова кәсіпқойлығы мен өз ісіне адалдығы, адал еңбегі және көшбасшы-мекеменің дамуына қосқан үлесі үшін, «Аса үздік жетістіктері үшін» үздік еңбек белгісімен марапатталды.



Қазақстан Республикасындағы Ұлттық бизнес-рейтинг ұйымдастыру комитетінің кәсіпорындарды рейтингтеу қорытындылары шешімі бойынша жоғары біліктілігі, қызметтік міндеттерін орындаудағы адалдығы, елеулі нәтижелерге қол жеткізгені және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытуға қосқан үлесі үшін Жамбыл жоғары медициналық колледжінің офис-регистратор басшысы Ж.Л.Шужеева "Жыл кәсіпқойы" Құрмет белгісімен марапатталды.



материалы жарияланып, Сертификат табысталды.

Қазақстан Республикасы Президентін сайлау науқанына дайындық және оны өткізу жұмыстарына қосқан елеулі үлесі үшін колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К.



2022 жыл қорытындысы бойынша "SUNQAR" волонтерлық қозғалысына қосқан елеулі үлесі мен қоғамдық іс-шараларға белсене қатысқаны үшін "ҮЗДІК СЕРІКТЕС" номинациясымен Жамбыл жоғары медициналық колледжі марапатталды. Жамбыл облысы Қазақстан студенттерінің Альянсы ұйымына қосқан нақты үлесі үшін және "ҮЗДІК СЕРІКТЕС" номинациясымен Жамбыл жоғары медициналық колледжі марапатталды.



Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай Денсаулық сақтау саласындағы адал еңбегі мен кәсіподақ қозғалысының нығаюына қосқан үлесі үшін колледждің студенттер кәсіподақ ұйымының төрағасы Д.Е.Амантаев «SENIM» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағының, «AMANAT» партиясының бағдарламалық мақсаттарын жүзеге асыруға қосқан үлесі және білім беру саласындағы жемісті еңбегі үшін колледж оқытушылары Ш.Е.Ашимова, М.Т.Досжанова, Г.Ж.Иманалиева, А.К.Құдайбергенова Құрмет Грамотасымен марапатталды.



«Дарын» шығармашылық орталығы ЖШС «Тәжірибе алаңы» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы. Өзінің үздік тәжірибесімен бөлісіп, білім сапасын арттыруға қосқан үлесі үшін колледж оқытушысы Д.И.Турдалиев Грамотамен, Республикалық «Тәжірибе алаңы» журналына жаңа технологиямен ұштасқан үздік мақаласын насихаттағаны үшін Алғыс хатпен, «Эндокриндік жүйенің анатомиясы мен физиологиясы» тақырыбындағы тәжірибесі республикалық «BilimShyugay.kz» сайтына жарияланғаны үшін Сертификатпен марапатталды.



Республикалық «Гиппократ» олимпиадасына колледждің "Мейіргер ісі" мамандығы 207 топ студенттері А.Лесбек, "Анатомия және физиология" пәнінен қатысып жүлделі III орынмен, С.Тойбек сертификатпен, 202 топ студенті Е.Тузен II орын Дипломымен марапатталды. Жетекші:

А.Б.Айдралиева.



Томск базалық медициналық колледжі облыстық мемлекеттік бюджеттік кәсіптік білім беру мекемесінің ұйымдастыруымен халықаралық қатысумен Сібір федералды округінің медициналық бейіні бойынша оқытушылардың білім беру процесін оқу-әдістемесін қамтамасыз етудің VIII өңіраралық байқауына колледж оқытушысы Э.Б.Бердалиева қатысып, Сертификатпен болды.



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

1 | ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Колледжде педагогикалық кеңес өтті. Күн тәртібінде:
1. «Химия» пәнінің оқытылуы мен білім сапасы.
2. Цифрландыру жұмысының сапасы мен ұйымдастырылуы.
3. Әр түрлі сұрақтар.

2 | АШЫҚ САБАҚ

Колледж оқытушылары А.Қ.Құлмаханбетова «Генетика мен медициналық биология» пәнінен, Ш.Е.Ашимова, А.С.Байбосынова «Қазақстан тарихы» пәндерінен, И.Ш.Сапарова «Жұқпалы аурулар» пәнінен ашық сабақ өткізді.

3 | №2 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ІЗГІЛЕНДІРУ ПӘНДЕРІ ЦӘК АПТАЛЫҒЫ

05.12.-09.12.22 ж. аралығында №2 жалпы білім беру және ізгілендіру пәндері ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен «Welcome to English speaking world» атты апталық өткізді.

4 | ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАЛПЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ІЗГІЛЕНДІРУ ПӘНДЕРІ ЦӘК АПТАЛЫҒЫ

12-15.12.2022 ж. әлеуметтік-экономикалық, жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК ҚР Тәуелсіздік күніне орай, «Ел тілегі ежелден-Тәуелсіздік» тақырыбында ЦӘК апталығы өтті.

5 | ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫ АЛДЫН АЛУ

Тараз қаласы ПБ ЖПҚБ-ның ЮПБ УПИ полиция капитаны «Жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу» «Бопсалау», «Әлімжеттік», «Ұрлық түбі-қорлық» тақырыптарында колледж студенттерімен кездесті.

6 | КЕЗДЕСУ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаменті басшысының м.а.Л.К.Илебаев колледж студенттерімен кездесу өткізді.

7 | ҚҰТТЫҚТАУ!

Колледж оқытушылары мен студенттерінің жетістіктері.

Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі №20, Жамбыл жоғары медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.



1 | ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС



09.12.2022 ж. Колледжде педагогикалық кеңес өтті. Күн тәртібінде: 1. «Химия» пәнінің оқытылуы мен білім сапасы. Жауапты: мониторинг бөлімінің меңгерушісі Н.М. Мураталиева

2. Цифрландыру жұмысының сапасы мен ұйымдастырылуы. Жауапты: ақпараттық технологиялар бөлімінің меңгерушісі А.Е.Исмаилова.

3. Әр түрлі сұрақтар.

2 | АШЫҚ САБАҚ



08.12.2022ж. Колледждің №1 Арнайы пәндер циклдық әдістемелік комиссиясының оқытушысы А.Қ. Құлмаханбетова «Мейіргер ісі» бөлімі, 207 М-09/21 топ студенттерімен «Генетика мен медициналық биология» пәнінен «Паразитизм биологиясы. Медициналық паразитология негіздері» тақырыбы бойынша ашық сабақ өткізді.



12.12.2022 г. Колледжде әлеуметтік-экономикалық, жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері циклдық әдістемелік комиссиясының оқытушысы Ш.Е.Ашимова «Емдеу ісі» кафедрасы 211 ЛФ-9/20 тобында «Қазақстан тарихы» пәнінен, «Қазақстанды ұжымдастырудың Сталиндік-Голощекиндік үлгісі» тақырыбында ашық сабақ өтті.



14.12.2022 ж. Әлеуметтік-экономикалық жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері циклдық әдістемелік комиссиясының оқытушысы А.С.Байбосынова «Емдеу ісі» бөлімі, 217 Ф-09/21 топ студенттерімен «Қазақстан тарихы» пәнінен, «XX ғасырдағы Саржан Қасымұлы және Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыстар.» тақырыбы бойынша ашық сабақ өткізді.



21.12.2022 ж. Колледжде №2 арнайы пәндері циклдық әдістемелік комиссиясының оқытушысы И.Ш.Сапарова «Емдеу ісі» бөлімі, 228ЕФ-11/21 топ студенттерімен «Жұқпалы аурулар» пәнінен, «Құтыру, Сіреспе.» тақырыбы бойынша ашық сабақ өткізді.

3 | №2 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ІЗГІЛЕНДІРУ ПӘНДЕРІ ЦӘК АПТАЛЫҒЫ




05.12.22ж. Колледжде 05.12.-09.12.22 ж. аралығында №2 Жалпы білім беру және ізгілендіру пәндері ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен «Welcome to English speaking world» атты апталықтың ашылуы өтті. Колледж фойесінде ағылшын ақын-жазушылардың суреттері, олардың кітаптарының макеттері ілінді, ағылшын елінің дәстүрімен әдемі музыкамен ыстық кофе мен тәтті нандар (таңғы ас), тілек жазылған ашық қағаздар ұсынылып, колледж оқытушылары мен студенттеріне тамаша көңіл күй сыйлады.



06.12.2022ж. Колледжде студенттерге тілдің танымдық рухани қызметін таныту, шет тілінде сөйлеу білімділігін арттыру мақсатында №2 Жалпы білім беру және ізгілендіру пәндері ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен «The Beauty of the Language» атты поэзия кеші өтті. Поэзия кеші I курс студенттері қатыстыруымен өтті.



07.12.2022 ж. Колледжде ағылшын тілі апталығында «Do you speak English?» студенттерге арналған танымдық ойынның ұйымдастырылды. Ойынның мақсаты: мәдениетті, адамгершілігі мол, жан-жақты болашақ мамандарды даярлау, студенттердің тілін, сөз байлығын дамыту. Ойын барысында студенттер ағылшын жазушыларының нақыл сөздерін, мақал-мәтелдері мен рифмаларды оқып, түрлі қойылған сұрақтарға ағылшын тілінде жауап берді. Тапсырмаларды дұрыс оқып, жауап берген студенттерге сыйлық берілді.



08.12.2022ж. Шет тілі пәнінен «The Hobbit. The Passive Voice» тақырыбында жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша «Емдеу ісі» бөлімі ЕФ 121-9/22 тобымен кәсіби шет тілі пәнінің оқытушысы Б.А. Қырықбаева ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: оқу бағдарламасы бойынша берілген кең ауқымды мәтіннің негізгі ойларын түсіну, таныс емес сөздермен жұмыс жасау. Ырықты және ырықсыз етістердің жәй осы шақ және жәй өткен шақтағы құрылымын, қолданылуын түсіндіру. Оқытушы сабақта әр түрлі жаңа технологияларды пайдаланып, мәтінді жан-жақты талдауға, өз ойын шет тілінде жеткізуге үйретіп, студенттердің белсенділігін арттырды.



4 | ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ЦӘК АПТАЛЫҒЫ



12.12.22 ж. №1 әлеуметтік-экономикалық, жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК ҚР Тәуелсіздік күніне орай, «Ел тілегі ежелден-Тәуелсіздік» тақырыбында 12-15.12.2022 жж. аралығында жоспарланған ЦӘК апталығының ашылуы өтті. Апталықтың мақсаты: Студенттердің өткен тарихымызға деген ұлттық көзқарастарын қалыптастыру. Еліміздің тәуелсіздік алған жылдар ішінде жеткен жетістері туралы терең мағлұмат беру.



13.12.2022 ж. ҚР Тәуелсіздік күніне орай «Ел тілегі ежелден-Тәуелсіздік» тақырыбында облыстық музейге студенттерге арналған ашық есік өткізілді. Мақсаты: Еліміздің тарихын, оның ескерткіштерін, құнды жәдігерлерді, тарихи құндылықтарымызды көрсете отырып, білімдерін дамытып, жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу.



13.12.2023 ж. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күніне орай «Ел тілегі ежелден-Тәуелсіздік» тақырыбында ЦӘК апталығы аясында «Тәуелсіздік - асқақ армандар мен қайсар рухтың жемісі» тақырыбына I курс студенттері арасында эссе байқауы өтті.



14.12.2023ж. ҚРТәуелсіздігінің 31 жылдығына орай 2 курс арасында «Туған жерім – тұғырым, өскен елім – өзегім» тақырыбында ЦӘК апталығы аясында сурет байқауы өткізілді. Мақсаты: Қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ерлік күресімен, қол жеткен жетістіктерін бейнелеу. Болашақ ұрпақтың рухани тұлғалық және адамгершілік құндылықтарын дамыту.



15.12.2022 ж. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 31 жылдығына орай «Ел тілегі ежелден – Тәуелсіздік» тақырыбында ЦӘК апталығы аясында «Жаса, жайна Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбында ашық тәрбие сағаты «Емдеу ісі» бөлімі 116 топ студенттерімен өтті. Куратор Рахметлдаева А.Т. Тәрбие сағатының мақсаты: Жас ұрпақты Отаншылдыққа, ұлтжандыққа, өз ұлтының тарихын сүйуге, қорғауға, болашаққа сеніммен қадам басуға, Отанына адал қызмет етуге тәрбиелеу.

5 | ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫ АЛДЫН АЛУ




19.12.2022 ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен, Тараз қаласы ПБ ЖПҚБ-ның ЮПБ УПИ полиция капитаны А.Қ. Арысбаев «Жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу»

«Бопсалау», «Әлімжеттік», «Ұрлық түбі-қорлық» тақырыптарында колледж студенттерімен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



26.12.2022 ж. Жас оқытушы Ж.Т.Советбек сыбайлас жемқорлыққа қарсы дәріс өткізді. Дәріс тақырыбы «Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті». Дәріс барысында жемқорлықтың пайда болуы, қоғамға әсері мен салдары туралы тың ақпарат берді. Сонымен қатар, студенттерге тақырып аясында бейнероликтер көрсетілді. Студенттерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілетін шаралар туралы да айтылды.



21.12.2022 ж. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаменті басшысының міндетін атқарушы Л.К.Илебаев колледж студенттерімен кездесу өткізді. Кездесу барысында «Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік қорғалатын қызметтер» тақырыбында әңгімелеп, қазіргі таңдағы мемлекеттік қызметкерлердің халыққа қызмет көрсету жүйесінің сапасы мен оны арттыру жолдары туралы түсіндіріп өтті. Студенттер өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып толыққанды жауап алды.



28.12.2022 ж. Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ж.М.Оспанова колледжі студенттерімен кездесті. Басқарма басшысы Жанар Мықтыбекқызы кездесу барысында студенттерге ақыл – кеңестері мен ізгі ниетін білдіріп, колледж студенттерінің көкейде жүрген сұрақтарына жауап беріп, бітіруші түлектерге сәттілік тіледі. Кездесу барысында қоғамдық іс шараларға белсене қатысқан және үздік оқитын 10 студентке басқарма басшысының «Алғыс хаты» табысталса, 5 жетім және көпбалалы отбасынан шыққан студенттерге қаржылай қайырымдылық көмек көрсетілді. «Мейіргер ісі қолданбалы бакалавры» мамандығын бітіруші екі студент Ш.Тағайқызы мен А.Мынбаева Жамбыл облыс әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының қалалық №5 емханасына жұмыссыз қамту мақсатында жолдаманы Жанар Мықтыбекқызы салтанатты түрде табыстады. Колледждің Студенттік парламенті белсенді студенті Ф.Н.Амантаева сөз беріліп, I курстан бері жеткен жетістіктерімен бөлісті. Жеткен жетістіктеріне тәнті болған басқарма басшысы Ж.М. Оспанова М.Оспанов атындағы «Батыс Қазақстан медициналық университетіне» атаулы грант бөлінетінін хабарлады.



6 | КЕЗДЕСУ